

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің**

№12 «Бәйтерек» бөбекжай – бақшасы МКҚК

Сарыжар ауылдық округі

01.02.2022 жыл

Бұйрық № 1

**Өзін – өзі бағалауды ұйымдастыру
және өткізу, комиссия
құрамын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестациялауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021 ж. №366 бұйрығымен өзгерістер болған) бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» мен Ақтөбе облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 20.01.2022 жылғы №17-12-04-6/53 хаты негізінде және 2022 жылы 02 ақпанда кезектен тыс өткізілген педагогикалық кеңестің (№4 хаттама) шешімі негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. «№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасында» МКҚК-да өзін-өзі бағалау жұмыстары ұйымдастырылсын;
2. «№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасында» МКҚК-да өзін – өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу үшін төмендегідей комиссия құрамы бекітілсін:
 1. Кенжебекова Зинагул Нурбаевна – №12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі, комиссия төрағасы. Аттестаттау комиссиясының жұмысына басшылық, комиссия мүшелеріне кеңес беру, жұмысын қорытындылау.
 2. Баракова Жазира Бакытовна – әдіскер, комиссия мүшесі. Әдістемелік жұмыс құжаттарын, мамандардың, тәрбиешілердің жұмыстарын зерделеу, кеңес беру.

3. Дарибаева Назигул Құнанбайқызы – тәрбиеші, комиссия мүшесі. Ересек топтардағы оқу – тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістерін зерттеу
4. Иулдашева Азиза Файзуллаевна – тәрбиеші, комиссия мүшесі. Ортаңғы және кіші топтардағы оқу – тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдістерін зерттеу
5. Мухамбеткалиева Назгул Тажибаевна – шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі. Материалдық техникалық базаны, медициналық қызмет көрсетуді зерттеу.
3. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін – өзі бағалау жүргізу бойынша комиссия мүшелеріне нақты тапсырмалар қосымшаларға сәйкес бөлініп берілсін;
4. Өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңес отырысында талданып, педагогтар назарына жеткізілсін;
5. Өзін – өзі бағалау жұмыстарын жүргізуде Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» басшылыққа алынсын;
6. Өзін – өзі бағалау қорытындысы 01.03.2022 жылы 01 наурыздан кешіктірмей балабақша сайтына орналастырылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

№12 «Бәйтерек» бөбек-бақшасы

менгерушісі:
Бұйрықпен таныстым:



Кенжебекова З.Н.
Баракова Ж.Б.
Дарибаева Н.Қ.
Иулдашева А. Ф.
Мухамбеткалиева Н.Т.